

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

«19» 06 2023 ж.

ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша АҚ мүшелеріне Академиялық комитет ережесі (УЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі (УЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстыру бойынша семинар ұйымдастырылып таныстыру парағына қол қойылды.

Б) Ережеге сүйеніп 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізіліп 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында Академиялық комитет мүшелері бір-бірімен тығыз жұмыс жасады және білім беру бағдарламаларының стейкхолдерлері де бұл жұмысқа белсенді қатысты.

Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6В023 – Тіл және әдебиет даярлау бағытындағы ББ атрибуты әзірленді. Атап айтқанда: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Аударма орталығы түлектердің бойынан көргісі келетін қасиеттер: шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік, ұйымдастырушылық-әдістемелік қабілеттер, қарым-қатынас, мәдени құзыреттілік, өмір бойы білім алу мүмкіндігі, ақпараттық дағдылар, жауапкершілік, көшбасшылық дағдылар; Кері байланыс ретінде, 1 курс магистранттарының заманауи оқытушының дағдылары туралы ұсыныстары да ескерілді. Магистранттардың тарапынан келіп түскен ұсыныстары мынадай: сараптамашы және креативті, филологиялық іс-әрекетке икемді, бейімделгіш. Сонымен қатар, бакалавриат түлектері тарапынан ұсынылған: технологияны жақсы меңгерген, креативті, мәдениетті, патриот секілді дағдылары да ескерілді.

Жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, «6В023-Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша түлектерінің атрибуттары анықталды:

1. Коммуникация: қазақ, түрік, ағылшын тіл мәдениеті қалыптасқан, шешен;
2. Тіл және әдебиет саласында жүйелі ойлауға қабілетті;
3. Әлеуметтік ортаға бейім;
4. шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік;
5. этика және адалдық;
6. сараптамашы және креативті;
7. цифрлық дағдыларды меңгерген;
8. филологиялық іс-әрекетке икемді, бейімделгіш;
9. филологиялық зерттеу дағдылары қалыптасқан;
10. мәдениетті, патриот

Анықталған атрибуттар негізінде 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

6В023 – Тіл және әдебиет даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделі: цифрлық дағдыларды меңгерген, әлеуметтік және азаматтық сауаттылыққа ие болуы, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, пәндік білімі терең, инновацияға ашық, креативті көшбасшы болуы.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;

- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
 - Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
 - Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
 - Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
 - ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
 - ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
 - ББ инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі.
- 6B023 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

3. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары жүргізілді.

6B023 – Тіл және әдебиет даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты: Шетел тілін мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде қолдана алатын, шетел тілдері аясында жұмыс істеуге қабілетті, сөйлеу және іскерлік этикетке ие, ауызша және жазбаша сөйлеу кәсіби деңгейді меңгерген, ресми іс-қағаздарының ауызша, жазбаша аудармасын жасауға қабілетті мамандарды даярлау.

Белгіленген мақсатқа сәйкес 6B023 – Тіл және әдебиет даярлау бағытындағы ББ оқыту нәтижелері анықталды:

- зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1).
- интернационалдық ортада мемлекеттік және шетел тілдерінде кәсіби, академиялық, ғылыми және әлеуметтік қарым-қатынастар орнатады (ОН2).
- кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негіздерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3).
- кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық, құқықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарын сақтайды (ОН4);
- грамматикалық, фонетикалық, лексикалық білімдерін жетілдіру арқылы тыңдау және сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастырады және жетілдіреді; фонетикалық, морфематикалық, синтаксистік және компонентті талдау жүргізеді; практикалық және кәсіби біліктілігін арттырады (ОН5).
- лингвистикалық және әдеби мәселелерді шешуде шетел тілінің теориялық және практикалық білімдерін жүйелі қолдана біледі (ОН6);
- негізгі лингвистикалық пәндердегі білімдерін көрсете алады және оларды түсіну мен қолданудың жоғары дәрежесін көрсете алады, ойлауды қажет ететін әдебиеттерді талдай алады (ОН7).
- кәсіби білім беру және ғылыми жүйесінің қазіргі жағдайына бейімделуге қажетті құзыреттілікті дамыту үшін дайындық пен ұтқырлық негізінде кәсіби мәселелерді шешуде пәнаралық өзара әрекеттестікке қатыса алады (ОН8).
- лингвистика саласындағы заманауи бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізе алады, филология бағытындағы оқу-зерттеу жобаларын әзірлейді, филологиялық сипаттағы жобаларға сараптамалық қорытынды жасайды (ОН9).
- әдеби процесті, оның заңдылықтарын, әдеби шығармаларды зерттеудің амал-тәсілдерін қолданады (ОН10).
- мәтіндердің әр түрлі типтері мен түрлерін талдау, оларды құру, өңдеу (корректуралау, түзеу, түсінік беру, рефераттау, ақпараттық-сөздік сипаттау) және трансформациялау әдістері мен тәсілдерін меңгереді(ОН11).
- шетел әдебиеті мен қазақ әдебиетін салыстыра және салғастыра отырып, сюжеттік және мотивтік деңгейде зерделеп, сараптама жасайды, шығармаға әдеби және стилистикалық талдау жасау іскерлігін жүзеге асырады(ОН12).

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫСТАР**

1. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

2. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталып бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, Дене шынықтыру, Қаржылық сауаттылық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі	
3	Пәндік білім	ЖК	ЖК
		Шетел тілі (A2) Аударма ісіне кіріспе Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы мен фонетикасы Үйден оқу машығы A2 Ағылшын тілі (B1) Үйден оқу машығы B1 Ағылшын тілі B2 Үйден оқу машығы B2 Ағылшын тілі C1 Аударма теориясы Үйден оқу машығы C1 Ағылшын тілінде оқу және жазу II Аударма ісіндегі зерттеу әдістері Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы	Шетел тілі (A2) Ағылшын тіл біліміне кіріспе Ағылшын әдебиетіне кіріспе Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы мен фонетикасы Үйден оқу машығы A2 Ағылшын тілі (B1) Үйден оқу машығы B1 Ағылшын тілі B2 Үйден оқу машығы B2 Ағылшын тілі C1 Аударма теориясы Үйден оқу машығы C1 Ағылшын тілінде оқу және жазу II Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Ағылшын тіл біліміндегі зерттеу әдістері Ағылшын тілін академиялық мақсатта оқыту	
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Ақпараттық технологиялар арқылы әдебиетті оқыту әдістемесі (тәсілдері)	
6	Инновация және цифрландыру	Көшбасшылық теориясы, Экология және өмір қауіпсіздігі, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Мемлекеттік тілде	

		іс қағаздарын жүргізу,
7	Креативті көшбасшылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, Дене шынықтыру, Қаржылық сауаттылық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу

2023-2024 оқу жылына 6B02335– Аударма ісі: ағылшын тілі БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Модуль соц-пол дисциплин, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, Дене шынықтыру, Қаржылық сауаттылық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Шетел тілі (A2) Аударма ісіне кіріспе Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы I Үйден оқу машығы A2 Ағылшын тілі (B1) Ізбе-із және ілеспе аударма машығы I Үйден оқу машығы B1 Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы II Жазбаша аударма машығы Ағылшын тілі B2 Үйден оқу машығы B2 Ауызша аударма машығы Ағылшын тілі C1 Ізбе-із және ілеспе аударма машығы II Аударма теориясы Үйден оқу машығы C1 Ағылшын тілінде оқу және жазу II Аударма ісіндегі зерттеу әдістері Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы Ізбе-із және ілеспе аударма машығы III	Британ мәдениетінің тарихы Линвоелтану Әлеуметтік ғылым мәтіндерінің аудармасы Медицина терминдерінің аудармасы Саяси мәтіндер аудармасы Заң терминдерінің аудармасы Дискурсты талдау Экскурсоводтың кәсіби қызметтеріне арналған ағылшын тілі Ақпараттық технологиялар арқылы аударма әдістемесі (тәсілдері) Ақпараттық газет мәтіндерін оқу және аудару Іскерлік шет тіліндегі аударма Іскерлік корреспонденция аудармасы Көркем әдебиетті оқу және аудару Танымал шығармалардың аудармасы Баспасөз бен фильмдердің көрнекі аудармасы (Аудармадағы арнайы тақырыптар: субтитр және дубляж) Аудармадағы арнайы тақырыптар: көрнекі

		дизайн Конференциядағы ауызша аударма Аудармадағы түзету және редакциялау Ағылшын тіл біліміндегі зерттеу әдістері Ағылшын тілін академиялық мақсатта оқыту
4	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Ағылшын тіл біліміндегі зерттеу әдістері Ағылшын тілін академиялық мақсатта оқыту
6	Инновация және цифрландыру	Ақпараттық технологиялар арқылы аударма әдістемесі (тәсілдері)
7	Креативті көшбасшылық	Көшбасшылық теориясы, Экология және өмір қауіпсіздігі, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу,

2023-2024 оқу жылына 6В02336-Филология: қазақ тілі БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Ағылшын тілі, Ататүрік принциптері, Түркі мемлекеттер тарихы, Лингвоелтаным және мәдениетаралық коммуникацияның теориясы мен практикасы	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Қазақ тілінің семантикасы Қазақ әдеби тілінің тарихы Қазақ тілінің тарихи грамматикасы Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы құрылымы Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы XX ғасырдағы әдебиет I (1900-1940 жж.) Абайтану/Әуезовтану XX ғасырдағы әдебиет II (1950-1990 жж.) Қазақ әдеби сынының тарихы Қазақ әдебиеті теориясы Түркі халықтары әдебиеті	Қазақ тіл біліміне кіріспе Жалпы тіл білімі Көне қазақ тілі Орфографиялық практикум Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті Қазақ халық ауыз әдебиеті Тәуелсіздік дәуір әдебиеті Қазақ әдебиеттану ғылымына кіріспе
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Оқушылардың физиологиялық дамуы, Инклюзивті білім беру, Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі, Бағалаудың өлшемдік технологиялары	
	Ғылыми-	Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту	

5	педагогикалық зерттеу	әдістемесі, Білім берудегі менеджмент
6	Инновация және цифрландыру	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
7	Креативті көшбасшылық	Сыни және жүйелі ойлау, Мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізу, Креативті көшбасшы, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері

2023-2024 оқу жылына 6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Ағылшын тілі, Ата-түрік принциптері, Түркі мемлекеттер тарихы.	
3	Пәндік білім	ЖК	ЖК
		Түрік тілі III (Морфология), Тіл біліміне кіріспе, Осман тілі I, Осман тілі II, Осман тіліндегі мәтіндер, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті I, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті II, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті III, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті IV, Жаңа дәуір түрік әдебиеті I, Жаңа дәуір түрік әдебиеті II, Жаңа дәуір түрік әдебиеті III, Жаңа дәуір түрік әдебиеті IV, Түрік халық әдебиеті I, Түрік халық әдебиеті II, Түрік халық әдебиеті II, Түрік халық әдебиеті IV, Түркі дүниесіндегі әдеби ағымдар, Түркі тілінің тарихы	Түрік тілі III (Морфология), Тіл біліміне кіріспе, Осман тілі I, Осман тілі II, Осман тіліндегі мәтіндер, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті I, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті II, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті III, Ежелгі дәуір түрік әдебиеті IV, Жаңа дәуір түрік әдебиеті I, Жаңа дәуір түрік әдебиеті II, Жаңа дәуір түрік әдебиеті III, Жаңа дәуір түрік әдебиеті IV, Түрік халық әдебиеті I, Түрік халық әдебиеті II, Түрік халық әдебиеті II, Түрік халық әдебиеті IV, Түркі дүниесіндегі әдеби ағымдар, Түркі тілінің тарихы
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Сыни және жүйелі ойлау	
5	Ғылыми-педагогикалық	Аударма теориясы, Лингвистикалық аударматану,	

	зерттеу	
6	Инновация және цифрландыру	АКТ Түрік тілін оқытудың әдістері, Түрік әдебиетін оқытудың әдістері
7	Креативті көшбасшылық	Медиа сауаттылық

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі А.Ш.Ермекбаева:

6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Таштеев Султанхан Батырханович "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" КММ басшысы

2. Агыбаев Жанахмет Жанибекович Turkistan Media Holding ЖШС директоры

6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Х.Кылавуз - Түркістан қаласы, «Turkistan International Airport» бас директордың орынбасары

2. Ж.Агыбаев - Түркістан қаласы, «Turkistan Media Holding» ЖШС директоры

3. Рей Инна Юрьевна - ЖШС «Түркістан экскурсия бюросы» (Turkistan Visit Centre) директоры.

Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Қ. Жылқыбай:

6B02336 – Филология: қазақ тілі білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Ыбырайым Әзімхан Оразбайұлы- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Филология факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент

2. Алмауытова Әсия Базарбайқызы- Қорқыт ата университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі

Түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі Кенан Семиз:

6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Үрзада Мұсабекова- Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Түркология кафедрасының ф.ғ.к., доценті

2. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары әзірленді.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп стейкхолдерлердің ұсыныстары жинақталып зерттелді.

Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты үш білім бағдарламасы бар: 7M02313 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 7M02314 – Шетел филологиясы: түрік тілі, 7M02315 – Филология. Осы үш білім беру бағдарламасына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары алынды.

Сыртқы эксперттері сараптамалық тұжырымдамалырында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару қызметін тиімді жүзеге асыратын арнайы пәндерді

оқыту үшін қажетті білімі мен іскерлігі бар екенін атап өтті. БББ-лар магистранттың құзыреттілік моделі тіл мен әдебиеті саласында іргелі теориялық және практикалық білімі бар бітірушінің жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтиды» деген.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

	ББ атауы	Өтініш берілген күні	Расталу күні	%
1.	6B02332 Шетел филологиясы: ағылшын тілі	09.06.2023ж.	05.09.2023ж.	79,84%
2.	6B02335 Аударма ісі: ағылшын тілі	18.08.2023ж.	06.09.2023ж.	100%
3.	6B02336 - Филология: қазақ филологиясы	23.05.2023ж.	25.07.2023ж.	75,6%
4.	6B02333- Шетел филологиясы: түрік тілі	09.06.2023ж.	05.09.2023ж.	84,75%

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданды.

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдары ескерілді.

Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабақтарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ.

6. Бүкіл университеттегі зертханалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Соңғы жылы жаңадан ашылып, жаңартылған (биохимия, жалпы биология, анатомия сияқты) зертханалар болғанымен, әсіресе инженерлік және негізгі ғылымдар зертханаларының жедел түрде жаңартылуы қажет.

2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау жұмыстары жүргізілді.

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілді.

№	Кафедра аты	Оқытушы	Аға оқытушы	PhD/ Ғылым кандидаты	Ғылым докторы
1	Ағылшын	4	1	3,0	-

	филологиясы және аударма ісі				
3	Түрік филологиясы	8	1	-	-
5	Қазақ филологиясы	-	-	3,0	1,0
	Барлығы:				

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В023 - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жүргізілді.

Барлық кафедралар өздеріне тиісті БББ-ларына талдау жасап өзіндік бағалау есебін дайындады. Талдау нәтижелері біріктіріліп, жалпы бір презентацияға салынды. Презентация университет сайтына жіберілді.

Қазақ филологиясы кафедрасы:

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша:

6В02336-Филология: қазақ тілі БББ-сы 2020 жылы – 13/14, 2021 жылы – 3/9, 2022 жылы – 13/15 орынға ие болды. 2022 жылы жоғары орын алғанына қарамастан эксперттен кейбір пәндердің мазмұны бойынша бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілген. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді.

Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру керек деген. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар атқарылған жоқ.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері бойынша айтатын болсақ, жұмыс берушілермен бірлікте ББ дайындалады.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері. Жыл сайын білімгерлерден, жұмыс берушілерден сауалнамалар алынып, нәтижелері талданады. 2022-2023 оқу жылында да «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы алынып, талқыланды. Нәтижесінде ашық сабақтар беру, сауалнама сауалдарына орай біліктілік жетілдіру курстарына ұсыныс жасалды. ББ бойынша сауалнама сұрақтары әзірленіп, жұмыс берушілерге берілді. Сарапшылар пікірлерімен бірге ұсынылды.

Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы:

6В02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі БББ-сы 2019 жылы – 9/12, 2020 жылы – 4/11, 2021 жылы- 7/10 ие болды. 2021 жылғы Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингінің қорытындысы бойынша «Атамекен» ҰҚП сарапшыларының 6В02336 Шетел филологиясы : ағылшын тілі білім беру бағдарламасына қатысты берілген ұсынымдарын талқылау барысында бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілген. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді. Келесі пәндерді қосу ұсынылды: Media and Digital Literacy (Медиа сауаттылық), Public Speaking and Presentation Skills, Home reading. Сонымен қатар, «Арнайы филологияға кіріспе», «Ағылшын фольклоры» мен «Ағылшын әдебиеті І» пәндері, «Ағылшын тілінің стилистикасы» мен «Салыстырмалы функционалды стилистика» пәндері, «Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар» мен «Ағылшын әдебиетін оқытудағы ақпараттық технологиялар» пәндердің мазмұны қайта қарастырылып, өзгерістер жасалынды.

Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру керек деген. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар атқарылған жоқ.

- соңғы 3 жылда 6B02335 Аударма ісі: ағылшын тілі ББ қатысқан рейтинг нәтижелері:

2019ж.	2020ж.	2021ж.
4/33	4/34	2/33

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

✓ Кафедра аға оқытушысы, PhD Дүйсебаева З.М. 08.05.-12.05.2023ж. аралығында Эрасмус бағдарламасымен Түркияның Гази университетінде дәріс беріп қайтты.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5
Оқытушы студенттер көзімен	5/4.76
Түлектер үшін бағалау сауалнамасы	5/4.76

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

6B02332– Шетел филологиясы: ағылшын тілі

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	1	-	-	-
ТТЕ грант	16	9	8	10
Шартты ақылы	2	-	-	-
квота	-	-	2	7
ақылы	8	13	4	5
Түркия гранты (Ғ)	-	1	-	6
Барлығы	27	23	14	22
Жалпы барлығы	86			

6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	3	1	2	1
ТТЕ грант	1	1	-	-
квота	10	12	17	1
ақылы	25	36	16	4
Шартты ақылы	6	-	-	-
Түркия квотасы (Ғ)	-	11	10	8
Барлығы	45	61	45	14
Жалпы барлығы	165			

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2020		2021		2022	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
6B02332– Шетел филологиясы: ағылшын тілі	29	95,7	30	93	22	75
6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі	35	100	23	89,2	14	75

Түрік филологиясы кафедрасы:

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

✓ Кафедра аға оқытушысы, PhD Адильбекова Э., аға оқытушы Алиева Л. 08.04.-18.04.2023ж. аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Ташкент қаласы Алишер Науаи атындағы Мемлекеттік өзбек тілі және әдебиеті университетіне дәріс беріп қайтты.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5
Оқытушы студенттер көзімен	5/4.76
Түлектер үшін бағалау сауалнамасы	5/4.76

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант		1		
ТТЕ грант	1	11	1	
квота			1	2
ақылы				
Түркия гранты	5		2	10
Барлығы	6	12	4	12
Жалпы барлығы				22

SWOT – талдау

(бұл университет бойынша жасалған SWOT – талдау. Сізге қажеттілерін қалдырып, тағы басқа нәрселерді қосуыңызға болады)

S (strengths) – Күшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)	
1.	Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
2.	Түркияның жетекші университеттерінен ОПҚ мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.
3.	Өз құрылымында медицина мамандарын даярлайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі бірінші көпсалалы университет болуы.
4.	Қазақстан мен Түркия ұсынатын білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.
5.	Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.
6.	Университетте әлемнің 19 елінен келген 42 түркі халықтарының білім алуы түркі тілдерінің бірегей тірі зертханасын құруы.
7.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
8.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
9.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
10.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
11.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
12.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
13.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).
14.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.
15.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.

16.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
17.	Практикаға бағытталған оқыту.
18.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
19.	Diploma Supplement болуы.
20.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.
О (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)	
1.	Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге бастама болады.
2.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
3.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
4.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
5.	Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен ҚАЗТЕП және ТУРТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
7.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
8.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
9.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
10.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
11.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.)

12.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
13.	Жастар саясатын жандандыру, волонтерлік қызмет көрсету және әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндігі.
14.	Түркістан қаласының инфрақұрылымының жақсаруы (заманауи әуежай, жаңа туристік объектілер және т. б.).
T (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті кадрлардың тапшылығы.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.

Академиялық комитеттің № 9 мәжілісінде 15 06 2023ж. талқыланып, бекітуге ұсынылды.

АК төрағасы 